

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы

Төменде келтірілген құжат Компанияның операциялық және қаржылық нәтижелерінің түбегейлі өзгерістері мен үрдістерін бағалауға және түсінуге көмектеседі. Аталған шолу Компанияның аудиторлық тексеру жүргізіп, шоғырландырылған қаржылық есебіне негізделген және оны аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеппен қоса берілген ескертулермен бірге қарастыру керек. Барлық қаржылық мәліметтер және оларды талқылау Қаржылық Есептің Халықаралық Стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес әзірленген аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есепке негізделеді. Компанияның есеп саясатына сәйкес, Компанияның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарына салынған инвестициялар үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатындықтан, соған сәйкес, жеке-жеке шоғырландырылмайды («үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындар»).

Жалпы ақпарат

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (әрі қарай «Компания» немесе «ҚМГ БӨ») көмірсутек шикізатын барлаумен, анықтаумен, өндірумен және экспорттаумен, сонымен қатар мұнай-газ активтерін сатып алумен айналысады. Компанияның акциялары мен жаһандық депозиттік қолхаттары Қазақстан және Лондон қор биржаларында айналымда. Компанияның негізгі акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (әрі қарай «ҚМГ ҰК») – Қазақстан өнеркәсібінің мұнай және газ саласындағы мемлекеттік мүдделерін қорғайды. Компанияның мұнай-газ активтерінің негізгі қызметі Каспий маңы ойпатында, Маңғыстау және Оңтүстік-Торғай мұнай бассейндерінде жүргізіледі.

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға сай Компанияның негізгі мұнай-газ активтері келтірілген.

Атауы	Иелік үлесі	Негізгі қызметі	Шоғырлану тәсілі
«Өзенмұнайгаз» АҚ («ӨМГ»)	100%	Шикі мұнай өндіру	Толық шоғырланған
«Ембімұнайгаз» АҚ («ЕМГ»)	100%	Шикі мұнай өндіру	Толық шоғырланған
«ҚМГ БӨ» Барлау активтері» ЖШС («ҚМГ БӨ БА»)	100%	Мұнай-газ барлау	Толық шоғырланған
«Қазақгаз өңдеу зауыты» ЖШС («ҚазГӨЗ»)	100%	Газ өндіру және өңдеу	Толық шоғырланған
«Қазгермұнай» БК» ЖШС («ҚГМ»)	50%	Шикі мұнай өндіру	Үлестік қатысу
«ПетроҚазақстан Инк.» («ПҚИ»)	33%	Шикі мұнай өндіру	Үлестік қатысу
«CITIC Canada Energy Limited» («CCEL»)	50%	Шикі мұнай өндіру	Қаржылық актив
«Орал Ойл энд Газ» ЖШС («ООГ»)	50%	Мұнай-газ барлау	Үлестік қатысу
«KSEPIInvestments BV» («КС»)	51%	Мұнай-газ барлау	Үлестік қатысу

Негізгі қызмет көрсеткіштері

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
3 106	3 123	3 111	0%	Өндіру көлемі (мың тонна)*	12 351	12 328	0%
105 896	134 884	(194 958)	-154%	Таза пайда/(зиян) (млн теңге)	243 669	47 038	418%
1,55	1,98	(2,86)	-154%	Базалық және таратылған пайда/(зиян) бір акцияға (мың теңге)	3,57	0,69	417%
28 199	(28 478)	17 541	61%	ЕБИТДА (млн теңге)**	8 801	281 917	-97%
18%	-32%	-9%	-300%	Операциялық рентабельділік (%)***	-3%	17%	-118%
(16 954)	(25 718)	(81 309)	-79%	Айналым капиталына түзету енгізгенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша ағыны (млн теңге)	(69 583)	147 942	-147%
7%	10%	-13%	-154%	Меншікті капиталдың рентабельділігі – ROE (%)	18%	3%	500%

* Кәсіпорындардың үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынған пропорционалды үлесін қосқанда.

** ЕБИТДА үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындардың табысын, қаржылық табыстары мен Компанияның тозу және амортизациялық операцияларын, ақшалай емес шығындарын пайдадан шегеру жолымен есептеледі.

*** Операциялық рентабельділік – үлестік қатысу тәсілімен есепке алынатын кәсіпорындар қызметі нәтижелерінен келетін табысты, табыс салығы бойынша шығындарды, қаржылық табыстар мен арзандату шығындарын және басқа да операциялық шығыстарды есепке алмайды.

Бизнес жүргізу шарттары

Есепті мерзімде Компанияның қаржылық жағдайына әсер еткен негізгі макроэкономикалық факторлар мыналар: мұнай бағасының динамикасы, инфляция қарқыны, валюта бағамының өзгерісі, оның ішінде АҚШ долларына шаққандағы теңгенің айырбас бағамы.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
43,76	50,47	76,58	-43%	Brent б/ша орташа баға (DTD)	52,39	98,95	-47%
10,7%	1,5%	1,5%	613%	Инфляция деңгейі – Қазақстан (%)	13,6%	7,4%	84%
300,44	216,92	181,39	66%	Теңгенің орташа бағамы (теңгемен/1 АҚШ долларына шаққанда)	222,25	179,12	24%
339,47	270,40	182,35	86%	Есепті кезеңдегі бағам (теңгемен/1 АҚШ долларына шаққанда)	339,47	182,35	86%


2014 жылдың 11 ақпанында Қазақстанның Ұлттық банкі (әрі қарай Ұлттық банк) теңгенің айырбас бағамын бұрынғы деңгейде ұстаудан бас тартып, валюталық интервенциялар ауқымын төмендету негізінде теңгенің айырбас бағамының қалыптасуына араласуды шектеу жөнінде шешім қабылдады. Қаржы нарығы мен жалпы, экономиканың тұрақсыздық ықтималдығына жол бермеу үшін Ұлттық банк 2014 жылдың ақпанында теңге бағамының АҚШ долларына шаққандағы ауытқу дәлізін бір АҚШ долларына 185 теңге деңгейінде белгіледі (+/-3 теңге). 2014 жылдың қыркүйегінде Ұлттық банк теңге бағамының АҚШ долларына шаққандағы ауытқу дәлізін бір АҚШ долларына 185 теңге деңгейінде белгілеп, +3 теңге/-15 теңге шамасында кеңейтті. 2015 жылдың шілдесінде Ұлттық банк теңге бағамының АҚШ долларына шаққандағы ауытқу дәлізін бір долларға 185 теңге +13 теңге/-15 теңге шамасында кеңейтті. 2015 жылдың 20 тамызында Қазақстан Үкіметі мен Қазақстанның Ұлттық банкі теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы тәртібіне өту жөнінде шешім қабылдады.

Өндірістік қызмет

Кезеңдегі өндіру ауқымы мың тонна



Тәуліктік орташа өндіру тәулігіне мың баррель



Бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы үлесін есепке алғанда 2015 жылы шикі мұнай өндіру 12 351 мың тоннаны немесе тәулігіне 251 мың баррельді құрады. ӨМГ және ЕМГ – тәулігіне 168 мың баррель, ПҚИ-дегі үлесі – тәулігіне 31 мың баррель, ҚГМ-дегі үлесі – тәулігіне 32 мың баррель және ССЕЛ-дегі үлесі – тәулігіне 20 мың баррель.

ӨМГ-де 2015 жылы өнім өндіру ауқымы 2014 жылмен салыстырғанда 3%-ға немесе 182 мың тоннаға ұлғайды, негізінен, бұрғылау кестесін уақытынан бұрын орындау есебінен және әрекетсіз тұрған ұңғымалар қорының төмендеуінен.

2014 жылмен салыстырғанда есепті кезеңде ПҚИ-дегі үлесінің 10%-ға немесе 162 мың тоннаға төмендеуі ПҚИ-ге тиесілі кейбір кен орындарындағы қорлардың табиғи жолмен сарқылуына және бұрғылау қарқынының төмендеуіне байланысты орын алды. 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ССЕЛ бойынша өнім өндіру ауқымы 1%-дан сәл төмен немесе 3 мың тоннаға артты, негізінен, ұңғымалар қорын ұлғайту есебінен. ПҚИ, ҚГМ және ССЕЛ бойынша өндірілген өнім көрсеткішіндегі пропорционалдық үлеске шаққандағы жалпы ауқым 4 018 мың тоннаны құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 4%-ға немесе 159 мың тоннаға төмен көрсеткіш.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Ұңғымалар қоры 2015/31/12*	Жаңа ұңғымаларды енгізу 2015*	Жаңа ұңғымаларды енгізу 2014*		ҰКЖ 2015 ж.	ҰКЖ 2014 ж.	ҰЖЖ 2015 ж.	ҰЖЖ 2014 ж.
Ұңғымалар саны				Ұңғымаларды күрделі жөндеу, саны		Ұңғымаларды жерасты жөндеу, саны	
5 165	229	227	ӨМГ	921	890	14 335	15 034
2 691	54	70	ЕМГ	248	284	3 541	3 723
1 735	84	114	ПҚИ (100%)**	195	400	831	1 012
237	33	28	ҚГМ	56	44	101	88
3 606	112	179	ССЕЛ (100%)**	20	255	3 370	3 577

*Қолданыстағы ұңғымалар, айдау ұңғымаларын қосқанда.

** БК және қауымдасқан компаниялардағы операциялар санына шаққанда 100%.

2014 жылғы 374 мың тоннамен салыстырғанда 2015 жылы ӨМГ-де жаңа ұңғымалар енгізу барысында мұнай өндіру 523 мың тоннаны құрады, негізінен, бұрғылау кестесін уақытынан бұрын орындау есебінен. Есепті кезеңде ӨМГ-де 921 ұңғыма күрделі жөндеуден өткізілді, бұл қосымша 433 мың тонна мұнай өндіруді қамтамасыз етті. 2014 жылы күрделі жөндеуден өткізілген 890 ұңғыма қосымша 417 мың тонна мұнай өндіруді қамтамасыз еткен болатын.


ЕМГ-де жаңа ұңғымалар енгізу барысында 2014 жылғы 73 мың тоннамен салыстырғанда 2015 жылы 66 мың тонна мұнай өндірілді. 2015 жылы күрделі жөндеуден өткізілген 248 ұңғыма 97 мың тонна қосымша мұнай өндіруді қамтамасыз етті; 2014 жылы 284 ұңғыма күрделі жөндеуден өткізіліп, 87 мың тонна қосымша мұнай өндірілді.

Күрделі шығындарға шолу

Аталған бөлімде көрсетілген күрделі шығындардың сомасы, есепті кезеңде келіп түскен негізгі құралдар (НҚ) мен материалдық емес активтердің нақты мөлшерін құрайды. Осы есеп бойынша ақша қаражатының шоғырландырылған есебінде ұсынылған сатып алынған негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің сомасы, негізгі құралдар мен материалдық емес активтер үшін аванстар мен кредиторлық берешектер бойынша айналымдық капиталдың тиісті шоттарына енгізілген өзгерістердің түсімі болып есептеледі.

ӨМГ, ЕМГ, ОА және өзге де еншілес кәсіпорындардың күрделі шығындары, млн теңге

98 416




ҚМГ БӨ компаниясының орталық аппаратының, ӨМГ, ЕМГ және өзге де еншілес ұйымдарының күрделі шығындары

Есепті кезеңде Компанияның күрделі шығындары 98,4 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылға қарағанда 29,8 млрд теңгеге кем. Күрделі шығындардың құрамына жаңа ұңғымаларды бұрғылау, өндірістік нысандардың құрылысы мен қайта құру, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құны, сондай-ақ өндірістік емес күрделі шығындар кіреді.

ӨМГ-нің 2015 жылғы күрделі шығындары 68,5 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 20,0 млрд теңгеге кем. Күрделі шығындардың азаюы, негізінен, бұрғылау қызметін орындаушы тарапынан болған жеңілдіктер нәтижесінде эксплуатациялық бұрғылау шығындарын төмендету және 2014 жылмен салыстырғанда өндірістік мақсаттағы нысандарды жаңарту мен құрылыс ауқымын азайтып, есепті кезеңде негізгі құралдарды мейлінше аз сатып алу есебінен мүмкін болды.

ЕМГ-нің күрделі шығындары есепті кезеңде 25,4 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 8,3 млрд теңге кем деген сөз, негізінен, эксплуатациялық және іздеу-барлау бұрғылары ауқымын азайту және негізгі құралдарды мейлінше аз сатып алу, сондай-ақ 2014 жылмен салыстырғанда есепті кезеңде өндірістік мақсаттағы құрылыс пен құрылыс нысандарын жаңарту ауқымын төмендету есебінен.

Орталық аппарат пен басқа да еншілес кәсіпорындардың 2015 жылғы күрделі шығындары 4,5 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылғы шығындардан 1,5 млрд теңгеге кем. Және ол, негізінен, 2014 жылы өндірістік мақсаттағы нысандарды жаңартумен және құрылыс көлемін көбейтумен байланысты болды.

Кәсіпорындардың үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын күрделі шығындары, млн теңге**26 152****Кәсіпорындардың үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын күрделі шығындары**

Есепті кезеңде ПҚИ бойынша күрделі салымдар сомасы 32,7 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 33%: 10,8 млрд теңге) бұл 2014 жылға қарағанда 10,5 млрд теңгеге кем және, негізінен, есепті кезеңде бұрғылау ауқымын азайту есебінен орын алды.



ҚҒМ-нің 2015 жылғы күрделі шығындары 15,2 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 50%: 7,6 млрд теңге), бұл 2014 жылмен салыстырғанда 3,0 млрд теңгеге кем. Күрделі шығындардың азаюы, негізінен, өндірістік мақсаттағы құрылыстар мен нысандарды жаңарту ауқымын ұлғайту, со сияқты, 2014 жыл бойынша негізгі құралдар сатып алу есебінде орын алды, сондай-ақ Ақсай кен орнын абаттандыруға да байланысты, бұл есепті кезеңде эксплуатациялық бұрғылау ауқымын көбейту есебінен ішінара жабылды.

2015 жылы ССЕЛ бойынша орындалған күрделі салым ауқымы 10,6 млрд теңге (ҚМГ БӨ үлесі 50%: 5,3 млрд теңге), бұл 2014 жылмен салыстырғанда 7,4 млрд теңге төмен, негізінен, есепті кезеңде бұрғылау ауқымын азайту және өндірістік мақсаттағы нысандарды жаңарту мен құрылыс ауқымын қысқартуға байланысты.

ООГ-ның күрделі шығындары 2015 жылы 4,2 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 50%: 2,1 млрд теңге), 2014 жылмен салыстырғанда 1,9 млрд артық көрсеткіш, негізінен, заңнамаға сай коммерциялық сипаттағы бонус төлеуге қатысты орын алды.

КС шығындары 2015 жылы 0,7 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 51%: 0,4 млрд теңге), негізінен, СК-2 ұңғымасындағы бұрғылау жұмыстарына қатысты.

Шоғырландырылған кәсіпорындар мен үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындардың 2016 жылға арналған күрделі шығындарының ағымдағы жорамалы төменде көрсетілген.


ӨМГ, ЕМГ және басқа да еншілес кәсіпорындардың 2016 жылға арналған күрделі шығындарының ағымдағы жорамалы, млн теңге**84 632****Үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындардың күрделі шығындары, млн теңге (үлеске пропорционалды түрде)*****27 557**

* Аталған есепте көрсетілген 2016 жыл бойынша күрделі шығындардың ағымдағы болжамдары есепті әзірлеу кезеңіндегі басшылықтың ұсынғысы мен пайымына негізделген. Деректер ресми түрде жарияланған міндеттемелер болып саналмайды және қандай да бір бағытта өзгертілуі ықтимал.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Геологиялық-барлау қызметі



Төмендегі картада Компанияның 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін бұрғыланған барлау ұңғымаларының нәтижелері мен олардың жиынтық көрсеткішінің ең ірі барлау жобалары көрсетілген.

01 Солтүстік Карповский

730 ш.км 3D Сейсмик

- 1 ұңғыма
- 1 ұңғыма

02 Федоровский

Сатып алғаннан кейін:	Сатып алғанға дейін:
1 014 ш.км 3D Сейсмик	үз. 1 396 км 2D Сейсмик
<input checked="" type="checkbox"/> 6 ұңғыма	<input checked="" type="checkbox"/> 2 ұңғыма
<input checked="" type="checkbox"/> 1 ұңғыма	<input checked="" type="checkbox"/> 2 ұңғыма

03 Лиман

165 ш.км 3D Сейсмик
үз. 1 650 км 2D Сейсмик

- 1 ұңғыма
- 9 ұңғыма
- 1 ұңғыма

04 Тайсойған

386 ш.км 3D Сейсмик
үз. 150 км 2D Сейсмик

- 4 ұңғыма
- 5 ұңғыма

05 P-9

984 ш.км 3D Сейсмик
үз. 3 620 км 2D Сейсмик

- 12 ұңғыма

06 Темір

200 ш.км 3D Сейсмик
үз. 975 км 2D Сейсмик

07 Жарқамыс Шығыс-1

200 ш.км 3D Сейсмик
үз. 610 км 2D Сейсмик

- 2 ұңғыма

08 ПҚИ барлау блоктары

1 552 ш.км 3D Сейсмик
үз. 3 900 км 2D Сейсмик

- 9 ұңғыма
- 78 ұңғыма
- 14 ұңғыма

09 Қаратон-Сарықамыс

160 ш.км 3D Сейсмик

- 2 ұңғыма
- 1 ұңғыма

10 Өзен-Қарамандыбас

үз. 1 500 км 2D Сейсмик

- 2 ұңғыма

- Барлау жобалары
- Ағынды ұңғымалары
- Құрғақ ұңғымалар
- Сынақтағы ұңғымалар
- Бұрғылаудағы ұңғымалар

Төмендегі кесте есепті кезеңдегі Компания мен оның үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындарының геологиялық-барлау қызметін көрсетеді.

Блок (иелік ету үлесі)	Учаске	Ұңғыма	Есепті кезеңге сай жұмыс жағдайы
Лиман (100%)	Оңтүстік Шығыс Новобогат		ОШ Новобогат кен орнын сынақ жолмен игеру жұмыстары жүргізілуде. ПР-3 бағалау ұңғымасын бұрғылау аяқталды. Сынақ жұмыстары жүріп жатыр. ОШН б/ша бағалау кезеңінде, яғни 19.02.2018 ж. дейін №406 барлау келісімшартының мерзімі ұзартылды.
Темір (100%)			Компания келісімшарт аумағын мемлекетке қайтаруды жүзеге асыруда.
Шығыс Жарқамыс (100%)	Түскүм		Жер қойнауын игеру мерзімінің аяқталуына сай және болашағы аз болуы себепті Компания келісімшарт аумағын мемлекетке қайтаруды жүзеге асыруда.
Өзен-Қарамандыбас (100%)	Солтүстік-Батыс, Теңге		Геологиялық барлау жұмыстарын 2015 ж. 2016 ж. көшіру жөнінде Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу бойынша келісу жұмыстары жүргізілуде.
Тайсойған (100%)	Уаз	У-21	У-21 ұңғымасын бұрғылау және сынақтан өткізу аяқталды. ҚР ҚМ мен РФ ҚМ арасында Тайсойған блогындағы әскери полигон аймағын көшіру жөнінде хаттамаға қол қойылды. Барлау жұмыстары бойынша келісімшартты 3 жылға ұзарту мәселесі келісіліп жатыр.
Р-9 (100%)			Компания келісімшарт аумағын мемлекетке қайтаруды жүзеге асыруда.
Қаратон-Сарықамыс (100%)		НСВ-1	Геологиялық барлау жұмыстарын 2015 ж. 2016 ж. көшіру жөнінде Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу бойынша келісу жұмыстары жүргізілуде. Бұрғыланған ұңғыма аяқталды, 3818 м жобалық кенжарға қол жеткізілді. Ұңғымада сынақ жұмыстары жүріп жатыр.
Солтүстік Карповский (KS - 51%)	Орлов орталық	СК-2	СК-2 ұңғымасын 5755 м тереңдікке дейін қазу жұмыстары аяқталды. Құнарлы қыртыстарды зерттеу нәтижелері бойынша белгіленген сынақтар бойынша келісу жұмыстары жүріп жатыр.
Федоровский (UOG - 50%)	Рожков	У-25	Ұңғымада бұрғылау жұмыстары жүріп жатыр. Есепті кезеңге белгіленген тереңдік – 1110 м. №468 барлау келісімшартына 2015 ж. 24 ақпанындағы №7 қосымшаға қол қойылды – барлау кезеңі 2016 ж. 11 мамырына дейін ұзартылды. Баға беру жұмыстарын жүргізу үшін барлау келісімшартының қолданыс мерзімін 2 жылға, яғни 2016 ж. 2018 ж. дейін ұзарту жөнінде шешім қабылданды. 2015 ж. 2 сәуірінде Рожковское кен орны бойынша өнім өндіру жөніндегі келісімшартқа қол қойылды.
	Павловская, Январцевская		Павловская және Январцевская алаңдарындағы далалық сейсморбарлау жұмыстары. 3D нәтижелері бойынша ұңғыма орнын анықтап белгілеу қажеттігіне қатысты У-31 ұңғымасын бұрғылау 2016 жылға көшірілді. Есепті кезеңдегі жағдай бойынша Январцевская және Павловская алаңдарында 3D сейсморбарлау жұмыстарының материалдарын өңдеу барысы аяқталып қалды.
Досжан-Жамансу (ПҚИ арқылы 24,75%)	Оңтүстік Досжан, Оңтүстік Шығыс Досжан, Жамансу		Есепті кезеңде Досжан-Жамансу алаңында 6 ұңғыма бұрғыланды, 5 ұңғыма көмірсутек ағынымен, 1 ұңғыма су ағынымен.
Қарағанды (ПҚИ-33%)	Қарабұлақ, Бұқарсай		Қарағанды алаңында көмірсутек ағыны бар 1 ұңғыма бұрғыланды.
Караваншы (ПҚИ-33%)	Караваншы		2 ұңғыма бұрғыланды: 1 ұңғыма сынақ барысында, 1 ұңғыма көмірсутек ағынымен.
Батыс Түзкөл (ПҚИ-33%)	Батыс Түзкөл		10 барлау ұңғымасы бұрғыланды (1 ұңғыма Тасқұдық құрылымында). 8 ұңғыма – көмірсутек ағынымен, 2 ұңғыма – су ағынымен.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы

мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Операциялық қызмет нәтижелері

Аталған бөлім Компанияның аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебіне негізделген. Ақпаратты қолданушыларға ыңғайлы болу үшін есептегі сомалар АҚШ долларына ауыстырылып берілді және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп пен ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің тиісті кезеңіндегі айырбастау бағамына және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің соңғы кезеңіндегі бағамға сәйкес есептелді.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
180 475	108 232	155 496	16%	Кірістер	529 812	845 770	-37%
(65 012)	(50 865)	(67 280)	-3%	Өндірістік шығындар	(225 049)	(211 900)	6%
(28 341)	(36 815)	(27 136)	4%	Өткізу және әкімшілік шығындары	(118 601)	(102 568)	16%
(49 917)	(49 011)	(58 402)	-15%	Табыс салығынан өзге салықтар	(181 501)	(328 211)	-45%
(229)	(1 186)	(1 329)	-83%	Бұрғылау шығындары	(1 892)	(2 127)	-11%
(4 952)	(4 538)	(15 219)	-67%	Тозу, сарқылу және амортизация	(20 110)	(59 485)	-66%
32 024	(34 183)	(13 870)	331%	Операциялық пайда/(зиян)	(17 341)	141 479	-112%
(46 753)	-	-	-100%	Күнсызданған ҚҚС төлемге шаққанда	(46 753)	-	-100%
				Нәтижедегі қауымдасқан компаниялар			
(16 576)	(5 393)	11 466	-245%	мен БК үлесі	(20 062)	60 191	-133%
(189)	4	(2 153)	-91%	Кіріс/(шығыс) НҚ істен шыққандағы	(260)	(4 221)	-94%
(3 500)	(253)	(228 252)	-98%	НҚ күнсыздануы	(4 358)	(256 683)	-98%
9 540	(8 249)	(1 535)	-721%	Қаржылық кірістер/(шығыстар), нетто	11 095	11 810	-6%
187 206	243 029	1 273	100%	Бағам айырмасы, нетто	448 869	108 997	312%
(55 856)	(60 071)	38 113	-247%	(Шығыстар)/табыс салығы бойынша үнем	(127 521)	(14 535)	777%
105 896	134 884	(194 958)	-154%	Таза пайда/(шығыс)	243 669	47 038	418%
6,7	(11,1)	(5,3)	-226%	Үлестік операциялық пайда/(зиян)	(1,3)	13,7	-109%
				(сатылған 1 баррель мұнай, АҚШ долларымен*)			
				Үлестік таза пайда/(зиян) (сатылған			
22,3	44,0	(74,8)	-130%	1 баррель мұнай, АҚШ долларымен*)	18,3	4,5	307%

* Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

2015 жылы Компанияның таза пайдасының азаюы, негізінен, Brent сортты мұнайдың орташа котировкаларының баррелі 2014 жылғы 98,95 АҚШ долларынан 2015 жылы 52,39 АҚШ долларына дейін құлдырауы салдарында орын алды, бұл Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстанның Ұлттық банкінің 2015 жылдың 3 тоқсанында теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы тәртібіне көшу жөніндегі шешімі нәтижесінде бағамдық айырма бойынша елеулі кіріспен ішінара жабылды. Оның сыртында, 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы өндірістік шығындар мен өткізу шығындары және әкімшілік шығындар арта түсті, негізінен, қызметкерлерге деген сыйақылар ауқымының ұлғаюына байланысты, сондай-ақ шығын көрсеткіштері – 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салық бойынша есептелген резервке жататын 16,1 млрд теңге көлемінде айыппұл және өсімпұл есептелуіне орай, 2012-2015 жылдардағы болашақ салықтық тексерулерге қоса есептелуі ықтимал корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салық бойынша есептелген резервке жататын 3,3 млрд теңге сомасында айыппұл есептелуіне орай, 2012 жылдың 3 және 4 тоқсандарында ұсынылған ПҚӨС бойынша қосымша декларацияларға қатысты 2,1 млрд теңге айыппұл сомасы есептелуіне орай, сол сияқты, табыс салығынан өзге салықтарды және тозу, сарқылу мен амортизация көрсеткіштерін төмендету арқылы жабылған аванстық төлемдердің қысқаруына қатысты 2,1 млрд теңге сомасында айыппұл есептелуіне байланысты ұлғайып отыр.

2012 жылы еншілес жаңа компаниялар құру аясында ӨМГ және ЕМГ еншілес кәсіпорындарына Компанияның өндірістік активтерін сатуға байланысты Компания 2015 жылы қосымша 46,8 млрд теңге сомасында төленетін ҚҚС күнсыздануын мойындады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сай аталған өндірістік активтерді өткізу барысында ҚҚС салынады. Компанияны қайта құру шарасы аяқталғанда салық органдарына төленген ҚҚС – ӨМГ және ЕМГ бухгалтерлік есебінде төленетін ҚҚС ретінде сипатталды. Өкілетті органдар аталған төленетін ҚҚС-ны бүгінгі таңда төленуі тиіс деп мақұлдамауы себепті, сол сияқты, Компания басшылығы аталған ҚҚС Үкімет тарапынан төленуі нанғысыз деп есептеуіне байланысты, Компания төленетін ҚҚС-ның толық сомасы бойынша күнсыздануды мойындады. 2014 жылы Компания ӨМГ активтері бойынша 255 млрд теңге көлеміндегі негізгі құралдардың күнсыздану шығынын мойындады. 2015 жылы негізгі құралдар бойынша мұндай күнсыздану орын алған жоқ. Қауымдасқан компаниялар мен БК бойынша үлесі де азая түсті, негізінен, Brent мұнайының орташа котировкаларының 47%-ға төмендеуі есебінде, яғни 2014 жылғы барреліне 98,95 АҚШ долларынан, 2015 жылғы 52,39 АҚШ долларына дейін (бір баррельге).

Кірістер

ӨМГ және ЕМГ қызметтерінің нәтижесі бойынша сатылған өнім көлемі мен сату бағасы келесі кестеде көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі	2015	2014	Өзгерісі	
Мұнайдың экспорттық сатылымдары							
<i>ӨАС құбыры</i>							
66 583	41 323	76 491	-13%	Өткізу (млн теңге)	213 635	449 931	-53%
779	560	779	0%	Ауқымы (мың тонна)	2 797	3 580	-22%
85 472	73 791	98 191	-13%	Орташа баға (тоннасына теңгемен)	76 380	125 679	-39%
39,35	47,05	74,87	-47%	Орташа баға (барреліне доллармен*)	47,53	97,05	-51%
<i>КҚК құбыры</i>							
53 759	30 453	38 263	40%	Өткізу (млн теңге)	150 849	257 009	-41%
565	378	390	45%	Ауқымы (мың тонна)	1 850	1 991	-7%
95 149	80 563	98 110	-3%	Орташа баға (тоннасына теңгемен)	81 540	129 085	-37%
43,80	51,37	74,81	-41%	Орташа баға (барреліне доллармен*)	50,74	99,68	-49%
120 342	71 776	114 754	5%	Мұнай экспорты, барлығы (млн теңге)	364 484	706 940	-48%
1 344	938	1 169	15%	Мұнай экспорты, барлығы (мың тонна)	4 647	5 571	-17%
Мұнай және мұнай өнімдерін ішкі нарықта өткізу							
55 390	16 820	20 008	177%	Өткізу (млн теңге)	100 576	94 656	6%
844	667	421	100%	Ауқымы (мың тонна)	2 742	1 967	39%
65 628	25 217	47 525	38%	Орташа баға (тоннасына теңгемен)	36 680	48 122	-24%
30,21	16,08	36,24	-17%	Орташа баға (барреліне доллармен*)	22,83	37,16	-39%
РФ-на қарама-қарсы мұнай жеткізу							
–	14 793	14 645	-100%	Өткізу (млн теңге)	46 102	17 376	165%
–	350	397	-100%	Ауқымы (мың тонна)	916	447	105%
–	42 266	36 889	-100%	Орташа баға (тоннасына теңгемен)	50 313	38 871	29%
–	26,95	28,13	-100%	Орташа баға (барреліне доллармен*)	31,31	30,02	4%
Барлығы							
175 732	103 389	149 407	18%	Өткізу (млн теңге)	511 162	818 972	-38%
2 188	1 955	1 987	10%	Ауқымы (мың тонна)	8 305	7 985	4%
80 316	52 884	75 192	7%	Орташа баға (тоннасына теңгемен)	61 546	102 564	-40%
36,97	33,72	57,34	-36%	Орташа баға (барреліне доллармен*)	38,30	79,20	-52%
4 743	4 843	6 089	-22%	Өзге де кірістер (млн теңге)	18 650	26 798	-30%
180 475	108 232	155 496	16%	Кірістер жиынтық түрде (млн теңге)	529 812	845 770	-37%

* Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

ӨМГ және ЕМГ өндірілген мұнайды негізгі екі бағыт бойынша: «ҚазТрансОйл» АҚ-на (Қазақстан Республикасында) тиесілі Каспий Құбыр Консорциумы (әрі қарай КҚК) және Өзен-Атырау-Самара (әрі қарай ӨАС) тасымалдау құбырлары арқылы экспорттайды. Сонымен қатар, ӨМГ өндірілген мұнайды ішкі нарыққа да жеткізеді, сондай-ақ үкіметаралық келісім аясында 2015 және 2014 жылдары Ресей Федерациясына қарама-қарсы негізде шикі мұнай жеткізуді жүзеге асырды.

Жоғарыда аталған экспорттық бағыттар бойынша салыстырмалы пайда тасымал құбырындағы мұнайдың сапасына, халықаралық нарықтағы негізгі бағаларға және қолданыстағы тасымал тарифтеріне тәуелді.

Сонымен қатар, тасымал құбырлары арқылы жеткізілетін мұнай ауқымы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі тарапынан (әрі қарай ЭМ) келісілетіндіктен, Компанияның құбырлар арқылы мұнай жеткізу мүмкіндігі шектеулі болуы ықтимал.


ҚР мен РФ арасындағы үкіметаралық келісімге сәйкес, қарама-қарсы мұнай жеткізу міндеттемелері бойынша 2015 жылы Компания Ресей Федерациясына 916 мың тонна мұнай жеткізді. Осылайша, РФ-ке қарама-қарсы мұнай жеткізуге орай есепті кезеңде ӨАС және КҚК бағыттары бойынша мұнай жеткізу көлемі қысқарды. ҚР және РФ арасындағы үкіметаралық келісімге сай есепті кезеңде Компания қарама-қарсы негізде мұнай жеткізу міндеттемелерін толық орындады.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Келесі кестеде тасымал бағыттарына қарай, өткізілген мұнайдың (нетбэк сараптамасы) тасымал, ренталық салық, пайдалы қазбалар өндіруге салынатын салық (әрі қарай ПҚӨС), экспорттық кедендік баж салығы (әрі қарай ЭКБС) және басқа да шығындардың шегерілген таза бағасы көрсетілген. 2015 жылдан бастап нетбэк есептеу әдісі өзгертілді және нетбэктен ПҚӨС бойынша шегеру ескерілген. Нәтижесінде 2014 жыл бойынша салыстырмалы ақпарат қайтадан есептелді.

Нетбэк сараптамасы
барреліне АҚШ долларымен*)



*Баррельдеудің нақты коэффициенті бойынша қайта есептелген.

2014 жылымен салыстырғанда 2015 жылы экспорттағы нетбэктің азаюы, негізінен, Brent мұнайының орташа котировкаларының 2014 жылғы 98,95 АҚШ долларынан 2015 жылғы 52,39 АҚШ долларына дейін құлдырауы салдарында орын алды. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Ұлттық банкінің теңгеің еркін құбылмалы айырбас бағамы тәртібіне өту жөнінде шешімі нәтижесінде, 2015 жылдың 2 жарты жылдығында ҚҚК бағыты бойынша мұнай экспортының шығындары қосымша өсіп, ҚҚК бойынша нетбэкке жағымсыз әсер етті.

Теңге түріндегі орташа өткізу бағасының төмендеуі мен теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамының ұлғаюына орай ішкі нарықтағы нетбэк 2015 жылы азайды.

ҚМГ БӨ тарапынан түскен ескертпеге сай, «ҚазМұнайГаз» – Өңдеу және маркетинг» АҚ 2015 жыл бойында Компанияға – Атырау мұнай өңдеу зауытына (әрі қарай АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (әрі қарай ПМХЗ) жеткізілген мұнай үшін орташа есеппен алғанда тоннасына, сәйкесінше, 21 мың теңге және 32 мың теңге деген

бағамен төлем жасады. Аталған бағалар Компания және Тәуелсіз Директорлар тарапынан қарсылық тудырып, бекітілген жоқ.

2015 жылдың 4 тоқсанында Компания 2015 жылы АМӨЗ және ПМХЗ зауыттарына өткізілген өнім ауқымы бойынша түгелдей тоннасына 37 мың теңге алатын болады деген келісімге қол жеткізді. Осы себепті, келісілген баға әсерін сипаттау мақсатында Компанияның қаржылық есебі 4 тоқсанда қайта түзетілді.

РФ-на қарама-қарсы жеткізілетін мұнайдың сату бағасы ҚР мен РФ арасындағы үкіметаралық келісімге негізделеді. РФ-на қарама-қарсы мұнай жеткізу бойынша нетбэктің елеулі артуы 2015 жылдың 1 қаңтарындағы РФ-ның салық жүйесінде епті тәсіл қолдануы нәтижесінде орын алды, яғни экспортқа салынатын салық ауыртпалығын ЭКБС-тен ПҚӨС-ке қайта бөлу тұрғысындағы. РФ-на қарама-қарсы жеткізілімдер бойынша баға формуласының өзіндік ерекшеліктеріне орай, аталған салықтық епті тәсіл Компанияның өнім жеткізудегі нетбэк көрсеткішінде жағымды әсер берді.

Өндірістік шығындар

Төмендегі кестеде ӨМГ және ЕМГ қызметтеріне негізделген Компанияның өндірістік шығындарының құрамдас бөліктері көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
40 017	38 260	37 111	8%	Қызметкерлердің сыйақысы	153 928	130 367	18%
6 200	5 483	10 070	-38%	Жөндеу және қызмет көрсету	20 206	26 781	-25%
4 647	4 576	4 425	5%	Электр энергиясы	18 389	16 706	10%
4 601	4 025	6 087	-24%	Материалдар мен қорлар	18 357	20 050	-8%
1 455	1 435	1 553	-6%	Көлік шығындары	5 345	5 875	-9%
3 159	(5 011)	1 888	67%	Мұнай балансының өзгерісі	3 356	1 373	144%
554	165	492	13%	Өңдеу шығындары	1 109	1 205	-8%
(346)	186	3 206	-111%	Қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді бағалаудың өзгерісі	127	1 110	-89%
2 313	(86)	–	100%	Капиталдандырылған актив сомасынан артатын, істен шығарылған активтер бойынша міндеттемелердің азаюы	(1 686)	–	-100%
2 412	1 832	2 448	-1%	Өзге де шығындар	5 918	8 433	-30%
65 012	50 865	67 280	-3%	Жиынтығы	225 049	211 900	6%
13,7	16,6	25,8	-47%	Жиынтығы (сатылған 1 баррель мұнай АҚШ долларымен)	16,9	20,5	-18%

* Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы өндірістік шығындар 13,1 млрд теңгеге немесе 6%-ға артты. Мұның басты себебі қызметкерлердің сыйақыларын ұлғайтудан туындап отыр және де ол – жөндеу және қызмет көрсету шығындарын қысқарту, сондай-ақ капиталдандырылған активтер сомасынан артық ауқымдағы активтердің істен шығуы міндеттемелерін азайту есебінен ішінара жабылды.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы қызметкерлердің сыйақылары бойынша шығындар 18%-ға ұлғайып отыр, негізінен, ұжымдық келісім шарттарына сай Еңбекақы Төлеудің Бірыңғай Жүйесін (ЕТБЖ) енгізуге орай 2015 жылдың 1 ақпанынан бастап өндірістік персонал жалақысын 7%-ға индексациялау, 2014 жылдың сәуірінен жалақыны қосымша 10%-ға арттыру және 2014 жылдың қыркүйегінен өндірістік қосалқы персоналдың өндірістік сыйақыларын 25%-дан 33%-ға ұлғайту есебінен. Оның сыртында, ӨМГ және ЕМГ мұнай кен орындарына лицензия мерзімін ұзартуға орай, 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер қосымша 6,9 млрд теңгеге ұлғайтылды.

2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясы бойынша шығындардың 10%-ға артуының себебі, негізінен, есепті кезеңде электр энергиясын жеткізушілер тарапынан тарифтерді өсіру барысында орын алды.

2014 жылдың маусымында Бас Компания (құрамында Компаниялар және ӨМГ), Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігі, Мұнай және газ министрлігі қол қойған Ынтымақтастық меморандумына сәйкес, 2014 жылы Компания ластанған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі белгілі бір жұмыс ауқымына және мұнай қалдықтарын утильдеуге жататын экологиялық міндеттемелер бойынша резервтер бағасын өзгертіп, тиісті провизия ауқымы 2,1 млрд теңгеге азайғанын мойындады. 2014 жылдың 4 тоқсанында Компания экологиялық міндеттемелер бойынша резервтерді қайта қарап, 3,2 млрд теңге сомасында қосымша резерв есептеді. 2015 жыл бойынша Компания экологиялық міндеттемелер бойынша резервтерді қайта қарап, 0,1 млрд теңге сомасында қосымша резерв есептеді.

Активтерді тарату қорын азайту, негізінен, ЕМГ компаниясының жер қойнауын пайдалану келісімдерін ұзартуға байланысты орын алды.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Лифтинг шығындар

2014 жылдың 4 тоқсанынан бастап Компания лифтинг шығындарды есептеу әдістемесін өзгертті, бір баррельдің лифтинг-шығындары ӨМГ мен ЕМГ өндірістік шығындары ретінде есептелген, оған материалдардың, өндірістік персонал еңбекақысының, жөндеу және қызмет көрсетудің шығындарымен қатар, өзге де өндірістік шығындар кіреді, ал өндірілген өнімнің жалпы ауқымына бөлінген тозу, сарқылу және амортизация шығындары мен салықтық және келісімшартқа сай әлеуметтік міндеттемелер бойынша, актуарлық шығындар және міндетті кәсіби зейнетақы шығындары мен өндіріс барысына тікелей қатысы жоқ өзге де шығындар кірмейді.

ӨМГ және ЕМГ компанияларына тиесілі өндірістік шығындардың басым бөлігі теңге түрінде сипатталатындықтан, салыстырмалы лифтинг шығындар (барреліне АҚШ долларымен) біршама азайды, бұл, негізінен, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстанның Ұлттық банкінің 2015 жылдың 3 тоқсанында теңгенің еркін құбылмалы айналым бағамын енгізуі нәтижесінде теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамының өсуіне байланысты орын алды.

Төмендегі кестелерде ӨМГ мен ЕМГ-нің 1 баррельге жұмсаған лифтинг шығындары АҚШ долларымен көрсетілген.*

ӨМГ-нің лифтинг шығындары барреліне АҚШ долларымен*



ӨМГ-нің лифтинг шығындары тоннасына теңгемен





ЕМГ-нің лифтинг шығындары барреліне АҚШ долларымен*



ЕМГ-нің лифтинг шығындары тоннасына теңгемен





*Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

Өткізу және әкімшілік шығыстар бойынша шығындар

Төмендегі кестеде ӨМГ, ЕМГ және ҚМГ БӨ Орталық аппараты қызметтерінің нәтижесін негізге ала отырып, Компанияның өткізу және әкімшілік шығындары көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
21 036	13 814	16 163	30%	Көлік шығындары	66 637	68 687	-3%
2 392	14 762	962	149%	Айыппұл және өсімпұл	24 737	3 592	589%
5 623	5 011	4 865	16%	Қызметкерлердің сыйақылары	19 364	16 758	16%
759	242	855	-11%	Кеңес беру және аудиторлық қызметтер	1 889	2 188	-14%
423	228	392	8%	Жөндеу және қызмет көрсету	1 026	1 023	0%
281	257	497	-43%	Демеушілік	726	933	-22%
(3 338)	1 112	1 113	-400%	Басқарма қаламақысы	-	4 451	-100%
1 165	1 389	2 289	-49%	Өзге де шығындар	4 222	4 936	-14%
28 341	36 815	27 136	4%	Жиынтығы	118 601	102 568	16%
6,0	12,0	10,4	-42%	Жиынтығы (сатылған 1 баррель мұнай АҚШ долларымен *)	8,9	9,9	-10%

*Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

2015 жылы өткізу және әкімшілік шығындар бойынша жұмсалған қаржы 118,6 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 16%-ға артық. Шығындардың артуы, негізінен, айыппұл мен өсімпұлдың өсуіне байланысты, бұл шығындар басқарма қаламақысын азайту есебінен ішінара жабылды.

2015 жыл бойынша Компания 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салық бойынша есептелген резервке жататын 16,1 млрд теңге айыппұл есептеді, сондай-ақ 2012-2015 жылдардағы болашақ салықтық тексерулерге қоса есептелуі ықтимал корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салық бойынша есептелген резервке жататын 3,3 млрд теңге, 2012 жылдың 3 және 4 тоқсандарында ұсынылған ПҚӨС бойынша қосымша декларацияларға қатысты 2,1 млрд теңге және де аванстық төлемдердің төмендетілуіне қатысты 2,1 млрд теңге айыппұл есептеді.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жыл бойынша басқармалық қаламақы шығындарын азайту, Компанияның 2015 жылға ҚМГ ҰК-мен арада қызмет көрсету жөнінде келісімге қол қоймауынан туындап отыр.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы

мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Табыс салығынан өзге салықтық шығындар

Төмендегі кестеде Компанияның табыс салығынан өзге салықтарының шығындары көрсетілген, негізінен ӨМГ және ЕМГ қызметтерінің нәтижесі бойынша.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
16 114	25 414	16 858	-4%	ПҚӨС	67 160	89 840	-25%
22 648	11 563	16 993	33%	Экспорттық кедендік баж салығы	65 588	74 227	-12%
8 453	9 423	19 960	-58%	Ренталық салық	39 838	151 861	-74%
1 734	1 725	1 739	0%	Мүлік салығы	6 265	6 204	1%
968	886	2 852	-66%	Өзге де салықтар	2 650	6 079	-56%
49 917	49 011	58 402	-15%	Жиынтығы	181 501	328 211	-45%
10,5	16,0	22,4	-53%	Жиынтығы (сатылған 1 баррель мұнай АҚШ долларымен*)	13,6	31,7	-57%

*Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

2014 жылмен салыстырғанда, 2015 жылы табыс салығынан бөлек, салықтық шығындар 146,7 млрд теңгеге немесе 45%-ға азайды, негізінен, ренталық салық, ПҚӨС және ЭКБС бойынша шығындардың қысқаруы есебінен.

Ренталық салық шығындары 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда, Brent сортты мұнайдың орташа котировкаларының құлдырауы салдарында орын алды, бұл да салықтық орташа мөлшерлемелердің 2014 жылғы 21%-дан 2015 жылғы 11%-ға дейін төмендеуіне ықпал етті, бұл арада мұнай экспортының төмендеуі де әсер етпей қойған жоқ. Бұл жағдай теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамның ұлғаюы негізінде ішінара жабылды.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ПҚӨС көрсеткішінің төмендеуі Brent мұнайының орташа котировкаларының барреліне 2014 жылғы 98,95 АҚШ долларынан 2015 жылғы 52,39 АҚШ долларына дейін (барреліне) құлдырауы мен мұнай экспорты ауқымының қысқаруы салдарында орын алды және де ол теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамның ұлғаюы негізінде және 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша 2012 жылдың мөлшерлемесі өзгеруіне орай 2015 жылдың 3 тоқсанында 12,8 млрд теңге сомасында ПҚӨС-тің қосымша шығындарын мойындау негізінде жартылай жабылды. ЭКБС мөлшерлемесінің төмендеуіне орай (2015 жылдың 19 наурызынан бастап ЭКБС мөлшерлемесі бір тоннаға 80 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін төмендетілді) және экспорт ауқымының қысқаруы салдарында 2015 жыл бойынша ЭКБС шығындары 2014 жылмен салыстырғанда азайды, бұл теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамның ұлғаюы негізінде ішінара жабылды.

Табыс салығы бойынша шығындар

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
161 752	194 955	(233 071)	-169%	Салық салғанға дейінгі пайда/(зиян)	371 190	61 573	503%
				Салық салғанға дейінгі пайда/(зиян)			
181 828	200 601	(16 285)	-100%	(түзетулерімен**)	395 610	258 065	53%
55 856	60 071	(38 113)	-247%	Табыс салығы бойынша шығындар	127 521	14 535	777%
55 856	60 071	9 158	510%	Табыс салығы (түзетулерімен**)	127 521	66 917	91%
				Табыс салығы (сатылған 1 баррель мұнайға АҚШ долларымен*)			
11,8	19,6	(14,6)	-181%		9,6	1,4	586%
35%	31%	16%	119%	Салықтың тиімді мөлшерлемесі	34%	24%	42%
				Салықтың тиімді мөлшерлемесі			
31%	30%	-56%	-155%	(түзетулерімен**)	32%	26%	23%

*Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

** Компанияның БК мен қауымдасқан кәсіпорындары қызметтерінің нәтижесі ескерілмеген табыс салығы мен салық салуға дейінгі пайдасы, сондай-ақ кейінге қалдырылған салық бойынша тиісті үнемдеу мен арзандату шығындары есепке алынбаған.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы табыс салығы бойынша шығындардың артуына – Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстанның Ұлттық банкінің 2015 жылдың 3 тоқсанында теңгенің еркін құбылмалы айналым бағамы тәртібіне өту жөніндегі шешімі нәтижесінде теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамның ұлғаюына орай салық салынатын табысты ұлғайту басты себеп болып отыр.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жыл бойынша табыс салығының мейлінше жоғары тиімді мөлшерлемесі 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы мен саудаға салынатын салық бойынша 10,0 млрд теңге сомасында резерв есептеуге байланысты болды. Сол сияқты, Компания салық кеңесшілерімен бірлесіп, Компанияның 2012-2015 жылдарғы салық есебіне шолу жасап, корпоративтік табыс салығы мен саудаға салынатын салық бойынша 21,6 млрд теңге сомасында қосымша резерв есептеді.

Компанияның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарының қызметіне шолу

Компанияның қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарының табыстары мен зияны аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебінде келесі түрде ұсынылады.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
(5 296)	(108)	11 133	-148%	ҚГМ-дегі қатысуынан табыс/(зиян)	2 626	41 672	-94%
(6 395)	(6 142)	604	-100%	ПҚИ-дегі қатысуынан табыс/(зиян)	(17 772)	21 735	-182%
(4 885)	857	(261)	100%	ООГ-дегі қатысуынан табыс/(зиян)	(4916)	(722)	581%
-	-	(10)	-100%	КС-тегі қатысуынан табыс/(зиян)	-	(2 494)	-100%
(16 576)	(5 393)	11 466	-245%	БК және қауымдасқан компаниялардағы қатысуының жиынтық табысы/ (зияны)	(20 062)	60 191	-133%

ҚГМ

ҚГМ көмірсутегі шикізатын барлау, әзірлеу, өндіру мен өткізу жұмыстарын Қызылорда облысы Оңтүстік Торғай ойпатындағы Ақшабұлақ, Нұралы және Ақсай кен орындарында жүргізеді. 2007 жылдың сәуірінде Компания ҚГМ-нің 50% үлесін сатып алды.

2015 жыл бойынша ҚГМ-нің өнім өндіру көрсеткіші 3 000 мың тоннаны құрады (Компанияның 50% үлесі: 1 500 мың тонна), бұл 2014 жыл деңгейіне сай.

Төменде ҚГМ-нің басты қаржылық және операциялық көрсеткіштері келтірілген (100%).

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(мың теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(мың АҚШ долларымен, егер басқаша көрсетілмесе)		
112 082	140 695	274 215	-59%	Крістер	628 154	1 399 617	-55%
(80 605)	(80 370)	(114 903)	-30%	Операциялық шығындар	(398 697)	(635 662)	-37%
(237)	1	(51)	365%	Қаржылық кірістер/ (шығыстар), нетто	(790)	2 174	-136%
35 329	(8 939)	(7 354)	-580%	Бағам айырмасы, нетто	25 907	29 084	-11%
(114 608)	(45 984)	(18 571)	517%	Табыс салығы бойынша шығындар	(218 532)	(289 423)	-24%
(48 039)	5 403	133 336	-136%	Кезеңдегі пайда	36 042	505 790	-93%
745	752	783	-5%	Мұнай өндіру (мың тонна)	3 000	3 000	0%

2015 жыл бойынша кірістердің төмендеуі экспортқа шикі мұнайдың аздаған ауқымын өткізумен, сондай-ақ 2014 жылмен салыстырғанда экспорт және ішкі нарық бойынша орташа бағалардың құлдырауымен түсіндіріледі. Оның сыртында ҚГМ 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салыққа қатысты 10,9 млн АҚШ доллары сомасында айыппұл төледі. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылдың таза пайдасына әсер етпей қойған жоқ.

ҚГМ-нің тасымал бағыттары бойынша мұнай өткізу көрсеткіштері төменде көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(мың тонна)					(мың тонна)		
552	595	596	-7%	Ішкі нарық	2 102	1 943	8%
194	151	184	5%	КҚК арқылы экспорт	880	942	-7%
-	-	-	0%	Ақтау арқылы экспорт	-	132	-100%
746	746	780	-4%	Мұнай өткізу, Жиынтық көрсеткіші	2 982	3 017	-1%

Экспорттық сауда ауқымы мен экспорттың орташа бағасының төмендеуі операциялық шығындардың, атап айтқанда, ренталық салықтың (139,1 млн АҚШ долларына), ПҚӨС-тің (49,1 млн АҚШ долларына), тасымал шығындарының (43,0 млн АҚШ долларына) қысқаруына алып келді.

2014 жылмен салыстырғанда ЭКБС бойынша шығындарының қысқаруы (19,1 млн АҚШ долларына) 2015 жылы экспортқа өткізілетін ауқымның азаюына және 2015 жылдың 19 наурызынан бастап ЭКБС мөлшерлемесінің бір тоннаға 80 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін (барреліне) төмендетілуіне орай орын алды.

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Сатылған 1 баррель мұнайдың операциялық шығындары келесі кестеде көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(сатылған 1 баррель* мұнайға АҚШ долларымен)					(сатылған 1 баррель* мұнайға АҚШ долларымен)		
3,0	4,0	3,6	-17%	Тозу, сарқылу және амортизация	3,7	3,3	12%
3,1	2,6	3,4	-9%	Көлік шығындары	3,3	5,1	-35%
2,2	1,6	2,3	-4%	Экспорттық кедендік баж салығы	2,6	3,4	-24%
1,1	1,3	2,2	-50%	ПҚӨС	1,8	3,9	-54%
0,6	0,2	2,2	-73%	Ренталық салық	1,5	7,4	-80%
1,1	1,2	1,7	-35%	Жөндеу және қызмет көрсету	1,2	1,1	9%
1,0	1,0	1,5	-33%	Қызметкерлердің сыйақылары	1,1	1,3	-15%
0,7	0,6	0,8	-13%	Материалдар мен қорлар	0,6	0,6	0%
(0,4)	-	-	-100%	Айыппұл және өсімпұл	0,4	-	100%
1,7	1,6	1,4	21%	Өзге де шығындар	1,2	1,2	0%
14,1	14,1	19,1	-26%	Операциялық шығындардың жиынтығы	17,4	27,3	-36%

* Мұнайдың бір тоннасына 7,7 баррель деп қайта есептелгенде.

ҚГМ нәтижелеріндегі Компанияның аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебіндегі үлесі 2015 жылғы ҚГМ нәтижелері лицензияларының әділетті құнының амортизацияға орай жүргізілген түзетулерінің және кейінге қалдырылған салық бойынша сомасы 1,4 млрд теңге мөлшерде (2014 жылы: 3,6 млрд теңге) тиісті үнемдеудің пропорционалды үлесі ретінде ұсынылған.

Компанияның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарының күрделі шығындарына сараптама «Күрделі шығындарға шолу» бөлімінде қарастырылған.

ПҚИ

Аталған есептің мақсаттарына орай ПҚИ-дің төменде келтірілген көрсеткіштері ПҚИ-дің барлық бақылауға алынатын шоғырландырылған бірлескен активтеріне пропорционалды тәсілмен жасалған.

Мұнай-газ тобы болып табылатын ПҚИ геологиялық барлаумен, кен орындарын игерумен, мұнай және газ өндірумен, сонымен қатар, мұнай сатумен айналысады. 2009 жылдың желтоқсанында Компания ПҚИ-дің 33% үлесін сатып алды.

2015 жыл бойынша ПҚИ өндірген өнім ауқымы 4 390 мың тоннаны құрады (33% үлесі: 1 449 мың тонна), бұл 2014 жылдың деңгейінен 10% төмен көрсеткіш. Өнім өндіру ауқымының төмендеуі кейбір кен орындарының сарқылуына байланысты орын алды.

Төменде ПҚИ-дің қаржылық және операциялық негізгі көрсеткіштері берілген (100%).

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(мың АҚШ долларымен, егер басқаша көрсетілмесе)					(мың АҚШ долларымен, егер басқаша көрсетілмесе)		
170 411	236 364	490 941	-65%	Кірістер	984 943	2 468 829	-60%
(224 710)	(235 718)	(326 057)	-31%	Операциялық шығындар	(1 012 943)	(1 472 762)	-31%
(10 835)	(8 496)	(5 045)	115%	Қаржылық шығындар, нетто	(41 796)	(25 420)	64%
(27 725)	(57 718)	(72 886)	-62%	Табыс салығы бойынша шығындар	(124 683)	(454 061)	-73%
(92 859)	(65 568)	86 953	-207%	Кезеңдегі пайда/(зиян)	(194 479)	516 586	-138%
1 069	1 103	1 219	-12%	Мұнай өндіру (мың тонна)	4 390	4 883	-10%

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы түсімдердің төмендеуі, ең алдымен, экспортқа шикі мұнайдың аздаған ауқымын өткізумен түсіндіріледі, сондай-ақ оған Brent мұнайының орташа котировкалары мен ішкі нарықтағы бағалардың құлдырауы да әсер етпей қойған жоқ.

ПҚИ-дің тасымал бағыттары бойынша мұнай өткізу көрсеткіштері төменде көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(мың тонна)					(мың тонна)		
727	774	813	-11%	Ішкі нарық	2 804	2 867	-2%
166	160	244	-32%	ҚҚҚ арқылы экспорт (ПҚҚР 100%)	762	1 089	-30%
97	75	92	5%	ҚҚҚ арқылы экспорт (ҚГМ 50%)	440	471	-7%
43	45	38	13%	ҚҚҚ арқылы экспорт (ТП 50%)	181	171	6%
				ҚҚҚ арқылы экспорт (Көлжан 100%, ПҚВИ 75%)	105	152	-31%
31	31	38	-18%	Ақтау арқылы экспорт (ҚГМ 50%)	-	66	-100%
-	-	-	0%	Өзбекстанға экспорт (ТП 50%)	-	47	-100%
-	-	11	-100%				
1 064	1 085	1 236	-14%		4 292	4 863	-12%

Операциялық шығындардың қысқаруы, негізінен, экспорттық сауда мен экспорттық орташа бағаның төмендеуі салдарында орын алды, бұл ренталық салықтың (263,2 млн АҚШ долларына), ПҚӨС-тің (89,5 млн АҚШ долларына) және көлік шығындарының (60,8 млн АҚШ долларына) қысқаруына алып келді.

ПҚИ 2015 жыл бойынша «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ-ның (100% еншілес ұйымы) 2013 жыл бойынша корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салығына қатысты 2,1 млн АҚШ доллары сомасында, сондай-ақ 4,2 млн доллары сомасында экологиялық айыппұл есептеді. ПҚИ 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша есептелген ҚГМ-нің корпоративтік табыс салығы мен саудадан түсетін салығына қатысты 5,5 млн АҚШ доллары сомасындағы айыппұлындағы 50% үлесін мойындады. Оның сыртында, ПҚИ 2011-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша «Көлжан» ЖШС-ның 13,9 млн АҚШ доллары сомасындағы айыппұлын есептеді және 2009-2012 жылдардағы салықтық тексеру қорытындысы бойынша «Торғай-Петролеум» АҚ-ның 9,8 млн АҚШ доллары сомасындағы айыппұлы мен өсімпұлын есептеді.

Сатылған 1 баррель мұнайдың операциялық шығындары төменде көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(сатылған 1 баррель* мұнайға АҚШ долларымен)					(сатылған 1 баррель* мұнайға АҚШ долларымен)		
5,2	9,2	9,7	-46%	Тозу, сарқылу, амортизация	8,4	9,0	-7%
3,0	3,6	4,6	-35%	Көлік шығындары	3,8	5,0	-24%
2,3	2,1	3,4	-32%	Экспорттық кедендік баж салығы	2,9	3,7	-22%
1,1	2,0	3,6	-69%	Жөндеу және қызмет көрсету	2,1	3,1	-32%
1,4	1,7	2,1	-33%	Қызметкерлердің сыйақылары	1,9	2,2	-14%
1,2	1,4	2,7	-56%	ПҚӨС	1,8	4,0	-55%
0,9	1,2	4,7	-81%	Ренталық салық	1,7	8,5	-80%
1,1	1,0	1,7	-35%	Материалдар мен қорлар	1,1	1,4	-21%
2,7	(0,3)	(3,7)	100%	Айыппұл және өсімпұл	1,1	(0,7)	-257%
8,4	6,3	5,2	62%	Өзге де шығындар	5,8	2,9	100%
				Операциялық шығындардың жиынтығы	30,6	39,1	-22%

* Мұнайдың бір тоннасына 7,23 баррель деп қайта есептелгенде.

ПҚИ нәтижелеріндегі Компанияның аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебіндегі үлесі 2015 жылғы ПҚИ нәтижелері лицензияларының әділетті құнының амортизацияға орай жүргізілген түзетулерінің және кейінге қалдырылған салық бойынша сомасы 7,3 млрд теңге мөлшерде (2014 жылы: 5,7 млрд теңге) тиісті үнемдеудің пропорционалдық үлесі ретінде ұсынылған.

Компанияның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарының күрделі шығындарына сараптама «Күрделі шығындарға шолу» бөлімінде қарастырылған.

ССЕЛ

Сатып алу келісімшартына сәйкес, ССЕЛ-дің үлесі Компанияның аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебінде ҚЕХС-ке сәйкес қаржылық актив ретінде көрсетіледі. ССЕЛ қызметінің нәтижесі тек қана ақпараттық мақсатта ұсынылған, мәліметтер шоғырландырылмайды және Компанияның аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебінде үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынбаған.

2007 жылы желтоқсанда Компания ССЕЛ-дегі Қаражанбас мұнайдың (әрі қарай ССЕЛ) 50% үлесін сатып алды. ССЕЛ Ақтау қаласынан 230 шақырым жердегі Бұзашы түбегінде орналасқан Қаражанбас кен орнында ауыр мұнай өндірумен айналысады. Кен орны 1974 жылы ашылған және ТМД аумағындағы таяз орналасқан тұтқырлығы жоғары мұнайдың ең ірі кен көзі болып есептеледі. Өнім өндіру термикалық тәсілмен іске асырылады.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания өз балансында 30,3 млрд теңге (89,3 млн АҚШ доллары) сомасын ССЕЛ-ден алынатын шоттар ретінде көрсетті. 2015 жыл бойынша Компания 3,4 млрд теңге (15,2 млн АҚШ доллары) көлемінде пайыздық табыс есептеді, бұл ССЕЛ-ден алған 26,87 млн АҚШ доллары көлеміндегі жылдық кепілдендірілген төлемнің жартысы болып табылады. 2015 жылы Компания ССЕЛ-ден кепілдендірілген төлем есебі ретінде 26,4 млн АҚШ долларын алды.

2015 жыл бойынша ССЕЛ-де өндірілген өнім ауқымы 2 138 мың тоннаны құрады (50% үлес – 1 069 мың тонна), бұл 2014 жылмен салыстырғанда 1%-дан кем емес жоғары көрсеткіш.

Төменде ССЕЛ-дің (100%) қаржылық және операциялық негізгі көрсеткіштері берілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(мың АҚШ долларымен, егер басқаша көрсетілмесе)					(мың АҚШ долларымен, егер басқаша көрсетілмесе)		
99 734	139 950	226 302	-56%	Кірістер	569 399	1 172 474	-51%
(163 330)	(239 435)	(195 795)	-17%	Операциялық шығындар	(763 435)	(903 682)	-16%
(8 220)	(6 279)	(6 637)	24%	Қаржылық шығыстар, нетто	(28 503)	(26 550)	7%
(21 264)	(770)	(8 803)	142%	Табыс салығы бойынша шығындар	(7 707)	(69 054)	-89%
(93 080)	(106 534)	15 067	-718%	Кезеңдегі пайда/(зиян)	(230 246)	173 188	-233%
534	543	539	-1%	Мұнай өндіру (мың тонна)	2 138	2 132	0%

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

2015 жыл бойынша кірістердің төмендеуі, негізінен, экспорт пен ішкі нарықта өнім өткізудегі орташа бағалардың төмендеуіне байланысты болды. CCEL-дің тасымал бағыттары бойынша мұнай өткізу көрсеткіші төменде көрсетілген.

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(мың тонна)					(мың тонна)		
210	272	221	-5%	Новороссийск арқылы экспорт	885	872	1%
217	164	165	32%	Усть-Луга арқылы экспорт	666	438	52%
-	-	-	0%	Приморск арқылы экспорт	-	186	-100%
63	97	127	-50%	Ішкі нарық	382	485	-21%
-	-	45	-100%	Ресейге қарама-қарсы жеткізілімдер	139	124	12%
490	533	558	-12%	Мұнай сату, жиынтық көрсеткіші	2 072	2 105	-2%

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жыл бойынша операциялық шығындардың 16%-ға төмендеуі, негізінен, ренталық салықтың, ЭКБС-тың, жөндеу және қызмет көрсету мен амортизациялық шығындардың қысқаруынан орын алды, өз кезегінде, бұл Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстанның Ұлттық банкінің 2015 жылдың 3 тоқсанында теңгеңі еркін құбылмалы айналым бағамын енгізуі нәтижесінде теңге/АҚШ доллары қатынасындағы орташа айырбас бағамының өсуіне орай шығындардың өсуі есебінен жартылай жабылды.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ренталық салықтың қысқаруы, негізінен, Brent мұнайының орташа котировкаларының төмендеуіне байланысты, ол экспорттық сауда ауқымын ұлғайту негізінде жартылай жабылды. ЭКБС бойынша шығындардың қысқаруы 2015 жылдың 19 наурызынан бастап ЭКБС мөлшерлемесінің бір тоннаға 80 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін (барреліне) төмендетілуіне орай орын алды және де ол 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы экспорттық сауда ауқымын арттыру негізінде ішінара жабылды.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жыл бойынша жөндеу және қызмет көрсету шығындарының төмендеуі, негізінен, есепті кезеңде ұңғымалардың күрделі жөндеуі мен жерасты жөндеуін азайту есебінде орын алды.

Сатылған 1 баррель мұнайдың операциялық шығындары келесі кестеде көрсетілген:

4 тоқсан 2015	3 тоқсан 2015	4 тоқсан 2014	Өзгерісі		2015	2014	Өзгерісі
(сатылған 1 баррель* мұнайға АҚШ долларымен)					(сатылған 1 баррель* мұнайға АҚШ долларымен)		
10,1	13,3	13,3	-24%	Қызметкерлердің сыйақысы	11,1	11,3	-2%
8,7	7,1	8,9	-2%	Экспорттық кедендік баж салығы	7,4	8,1	-9%
7,5	7,2	7,1	6%	Көлік шығындары	7,1	7,1	0%
(2,3)	6,1	0,7	-429%	Тозу, сарқылу, амортизация	4,9	8,7	-44%
2,5	5,1	9,2	-73%	Ренталық салық	4,3	15,2	-72%
2,8	3,5	4,5	-38%	Электр энергиясы	3,9	4,6	-15%
2,9	3,1	4,7	-38%	Жөндеу және қызмет көрсету	3,8	4,7	-19%
0,6	1,0	0,9	-33%	Материалдар мен қорлар	0,9	0,9	0%
0,2	0,3	0,4	-50%	ПҚӨС	0,3	0,5	-40%
16,9	20,6	2,8	504%	Өзге де шығындар	11,4	3,1	268%
49,9	67,3	52,5	-5%	Операциялық шығындардың жиынтығы	55,1	64,2	-14%

* Мұнайдың бір тоннасына 6,68 баррель деп қайта есептелгенде.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарының күрделі шығындарына сараптама «Күрделі шығындарға шолу» бөлімінде қарастырылған.

Нетбэк сараптамасы және лифтинг шығындар

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың лифтинг шығындары төмендегідей:

	ҚГМ	ПҚИ	ССЕЛ
	(мың АҚШ доллары, егер басқаша көрсетілмесе)		
Қызметкерлердің сыйақысы	17 925	40 735	137 454
Материалдар мен қорлар	13 898	34 980	12 826
Жөндеу және қызмет көрсету	14 688	39 849	52 465
Электр энергиясы	12 339	27 161	54 612
Өзге де	5 008	33 576	15 221
Лифтинг шығындардың жиынтығы (мың АҚШ доллары)	63 858	176 301	272 578
Өнім өндіру ауқымы (мың тонн)	3 000	4 390	2 138
Лифтинг шығындардың жиынтығы (мың АҚШ доллары/баррель*)	2,8	5,2	19,1

*Тоннадан баррельге қайта есептеудің келесідей орташа коэффициенттері қолданылды: 7,7 ҚГМ, 7,75 ПҚИ, 6,68 ССЕЛ.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың экспорттық сатудағы нетбэк сараптамасы төмендегідей қалыптасты:

	ҚГМ	ПҚИ	ССЕЛ
	(АҚШ доллары, бір баррельге*)		
Жария етілетін нарықтық баға	52,4	52,4	52,4
Баға айырмасы және баррельдеу коэффициенті бойынша сыйақы	(7,1)	(7,5)	(5,0)
Орташа сату бағасы	45,3	44,9	47,4
Ренталық салық	(5,0)	(4,8)	(5,3)
Экспорттық кедендік баж салығы	(8,8)	(8,3)	(9,1)
Көлік шығындары	(5,4)	(6,5)	(8,1)
ПҚӨС	(5,2)	(3,8)	(0,2)
Нетбэк	20,9	21,5	24,7

*Тоннадан баррельге қайта есептеудің келесідей орташа коэффициенттері қолданылды: 7,7 ҚГМ, 7,75 ПҚИ, 6,68 ССЕЛ.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың ішкі нарықтағы сауда нетбэгінің сараптамасы төмендегідей қалыптасты:

	ҚГМ	ПҚИ	ССЕЛ
	(АҚШ доллары, бір баррельге*)		
Орташа сату бағасы	19,2	21,2	16,0
Көлік шығындары	(2,2)	(2,0)	(0,9)
ПҚӨС	(0,4)	(0,7)	(0,2)
Нетбэк	16,6	18,5	14,9

*Тоннадан баррельге қайта есептеудің келесідей орташа коэффициенттері қолданылды: 7,7 ҚГМ, 7,75 ПҚИ, 6,68 ССЕЛ.

ССЕЛ-дің РФ қарама-қарсы мұнай жеткізудегі нетбэк сараптамасы келесі түрде қалыптасты:

	ССЕЛ
	(АҚШ доллары, бір баррельге*)
Орташа сату бағасы	44,0
Көлік шығындары	(6,2)
ПҚӨС	(0,3)
Нетбэк	37,5

*Ресейге жеткізілетін бір тоннаны баррельге ауыстыру коэффициенті - 7,23

Стратегиялық шолу

Қаржылық жағдайы

мен қызмет нәтижесінің сараптамасы (жалғасы)

Әлеуметтік жауапкершілік

Әлеуметтік жобалар,
млн теңге

Әлеуметтік жауапкершілік Компания қызметінің маңызды құрамдас бөлігі. Құрылғаннан бері Компания тұрғын үйлер, спорттық-сауықтыру орталықтары мен бала бақшалар, сауықтыру лагерлерін салуға, Маңғыстау және Атырау облыстарындағы мектептер мен ауруханаларды қайта жаңартуға, сондай-ақ ЕМГ-нің сарқылған кен орындарындағы жергілікті халықты басқа мекендерге көшіруге миллиардтаған теңге қаржы бөлді. Компанияның әлеуметтік саладағы саясатына өзгеріс енгізілген жоқ, яғни өңірді дамытуға аянбай ат салысу басты мәселе болып қала бермек.

2012 жылы Маңғыстау облысында 2000-ға жуық адамды жұмыспен қамту мақсатында, қызмет көрсетумен айналысатын Технологиялық көлік басқармасы және Ұңғымаларға қызмет көрсету (ТКБЖҰҚК), Бұрғылау жұмыстары басқармасы (БЖБ) сынды екі кәсіпорын құрылды.

2015 жыл бойынша Компания аталған кәсіпорындарды қаржыландыруға 23,7 млрд теңге көлемінде операциялық шығын шығарды. Бұл шығындар 19,3 млрд теңге көлеміндегі қызметкерлерге арналған сыйақы шығындары мен 4,4 млрд теңге сомасын құрайтын материалдар, қорлар және өзге де шығындар құрамында көрсетілген.


Сол сияқты, Компания өндірістік базалар мен вахталық кеңешарларды кеңейтуге, сондай-ақ БЖБ және ТКБЖҰҚК қызметін жүзеге асыруға қажетті арнайы техника сатып алуға 0,9 млрд теңге инвестициялады. ТКБЖҰҚК әрекетін қаржыландыруға бағытталған шығындар аталған кәсіпорынның үшінші тараптардан түсетін 2015 жыл бойынша 5,3 млрд теңге сомасындағы (2014 жылы: 6,3 млрд теңге) табысы есебінен ішінара жабылды.

2015 жыл бойынша демеушілік және қайырымдылық шығындары 0,7 млрд теңгені құрады. Шығындардың негізгі бөлігі әлеуметтік қорларды қаржыландыруға жұмсалды.

Келісімшарт бойынша міндеттемелер әлеуметтік бағдарламалар қоры мен экология қорына аударымдар жасаумен қатар, жер қойнауын игеруге арналған келісімшарт талаптарына сәйкес, жергілікті мамандарды оқыту міндеттемелерін де жүктейді. 2015 жылы келісімшарт міндеттемелерін орындау аясында Компанияның әлеуметтік шығындары 2,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде әлеуметтік бағдарламалар және экология қорлары бойынша 1,9 млрд теңге, жергілікті мамандарды оқыту бойынша 0,7 млрд теңге ескерілген.

Капиталдың өтімділігі мен ресурстары

Компанияның өтімділік қажеттілігі, негізінен, қолданыстағы операциялық қызметтерді қаржыландыруға (айналым капиталы), инвестицияларды қаржыландыру қажеттілігіне (күрделі шығындар) және сатып алу есебінен өсіп-өркендеуге қол жеткізу мақсатында қалыптасады. Басшылық өз міндеттемелері мен инвестициялық мүмкіндіктерді іске асыру үшін Компанияның өтімділік деңгейі жеткілікті деңгейде деп есептейді.

2015 жылдағы қаржылық активтердің қозғалысы
млн теңге

Операциялық қызмет пен бағам өзгерісінен алынған қаржылық активтердің түсімі 2015 жылы 457,6 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 171,5 млрд теңге артық. Мұндай өзгеріс, негізінен, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстанның Ұлттық банкінің 2015 жылдың 3 тоқсанында теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы тәртібіне өту жөніндегі шешімі нәтижесінде бағамдық өзгеріс бойынша табысты мойындауға қатысты орын алды және де ол мұнай сату бағасын төмендету әсері негізінде ішінара жабылды. Инвестициялық қызмет негізінде қаржылық активтердің жылыстауы 2015 жыл бойынша 56,7 млрд теңгені құрады (2014 жылғы көрсеткіш 44,4 млрд теңге).

Қаржы активтерінің жылыстау көрсеткішінің артуы бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер көлемін қысқартуға байланысты орын алды (60,1 млрд теңге кем), бұл капиталдық шығындарды азайту (44,0 млрд теңге кем) және байланысты тараптар қарыздарын өтеу көлемін ұлғайту есебінен ішінара жабылды (1,9 млрд теңгеге артық).

Қаржылық қызмет барысында пайдалануға бағытталған қаржылық активтердің жылыстауы 2015 жылы 30,2 млрд теңгені құрады (2014 жылы – 130,1 млрд теңге). Төмендеу, негізінен, 2014 жылы жүзеге асырылған төлемдермен салыстырғанда 2015 жыл бойынша төленетін дивидендтер сомасының қысқаруымен түсіндіріледі (100,0 млрд теңге кем).

Қаржылық активтердің таза позициясы

Төмендегі кестеде Компанияның қаржылық активтерінің таза позициясы бойынша мәлімет келтірілген:

	2015 ж. 31	2014 ж. 31	Өзгерісі
	желтоқсанына	желтоқсанына	
	(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		%
Ағымдағы бөлімі	5 585	3 000	86%
Қайтару мерзімі бір жылдан астам	5 990	4 218	42%
Қарыздардың жиынтық көрсеткіші	11 575	7 218	60%
Ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленті	237 310	180 245	32%
Өзге де ағымдағы қаржылық активтер	833 912	535 513	56%
Ұзақ мерзімдік қаржылық активтер	33 760	18 567	82%
Қаржылық активтер жиынтығы	1 104 982	734 325	50%
Шетелдік валютада деноминацияланған қаржылық активтер, %	99%	94%	
Қаржылық активтердің таза позициясы	1 093 407	727 107	50%

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Аталған құжаттың құрамында «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып саналатын немесе болуға тиісті хабарлама бар. Болашақты суреттеуге байланысты терминологияға басқа сөздерден өзге «есептеледі», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіледі», «болжам бойынша», «болуы мүмкін», «жоспарланады», «белгіленеді», «болады» немесе «болуға тиіс» деген сөз тіркестері қолданылған. Олар әрбір алдағы жағдайға қатысты талқылауда, жоспарлауда, болашақ мақсаттарды, оқиғаларды белгілеу барысында пайдаланылады. Болашаққа қатысты аталған мәлімдемеге тарихи деректер болып саналмайтын барлық мәлімдемелер кіреді. Олар Компанияның ниет-ойлары және күтілетін жайлары туралы мәлімдемелердің барлығын еш шектеусіз есепке алады, олардың арасында Компания жұмысына қатысты қызмет нәтижелері, қаржылық жағдайы, өтімділігі, болашағы, дамуы, әлеуетті сатып алымдары, саланың стратегиясы да бар. Болашаққа қатысты мәлімдеме өзінің табиғатына қарай белгісіз тәуекелдермен де тікелей байланысты, себебі ондай оқиғалар әртүрлі себептермен орын алуы да немесе орын алмауы да мүмкін. Болашаққа қатысты мәлімдеме алдағы нәтижелерге кепілдік бермейді және Компанияның өтімділігі, қаржылық жағдайы мен қызметінің нақты нәтижелері Компания жұмыс істейтін елдің және саланың әртүрлі көрсеткіштерінен, осы құжатта көрсетілген болашаққа қатысты мәлімдемеден де әлдеқайда өзгеше болуы мүмкін. Компания салаға байланысты қандай да бір ақпаратты жаңарту туралы жоспарламайды және ондай міндеттемені мойнына алмайды. Компания болашаққа қатысты мәлімдемелерінің нәтижелері міндетті түрде орындалады деп есептемейді және оларға қатысты ешқандай болжам, жорамал, мәлімдеме жасамайды.